**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 658 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қарашада № 16017 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 915 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 24.09.2020 № 915 ( 15.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* | *Б. Сұлтанов* |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 10 қарашадағы
№ 658 бұйрығына қосымша

## Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9920 тіркелген, 2015 жылғы 23 қаңтарда " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 5 карашадағы № 477 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

4-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ІБЕ АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес бағдарламаларды қамтиды.";

8 және 9-тармақтар алып тасталсын;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ІБЕ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше қызметінің сипаттамасын қоса алғанда ішкі бақылауды ұйымдастыру тәртібінен, сонымен қатар АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында Субъектілердің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл рәсімінен;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды Субъектілердің күдікті операция ретінде тану рәсімінен;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімінен;

6) клиенттің дереккнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қосқанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, сонымен қатар күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімінен.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға берілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, басшының қолы және мөрімен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында жазылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында:

ақпаратты уәкілетті органға беру нөмірі мен күні;

хаттаманы жіберу негізі;

уәкілетті органның ҚМ-1 нысанын қабылдауы/қабылдамауы туралы хабарлама нөмірі мен күні;

7) Субъектілердің қызметкерлері оларға белгілі болған АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБЕ Субъектілер қызметкерлерінің бұзу фактілері туралы басшыны ақпараттандыру рәсімінен құралады.";

мынадай мазмұндағы 11-1)-тармақпен толықтырылсын:

"11-1) ІБЕ ұйымдастыру, іске асыру және сақтау мониторингі бойынша ІБЕ жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласында ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған және жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

12-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жауапты лауазымды тұлғаның не құрылымдық бөлімшенің ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес мынадай:";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3- тарау. АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасы";

14-тармақтың төртінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

15-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Егер Субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды Субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, Субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды Субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы Субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына Субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы";

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 5 тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты субъект қазақша немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Субъектілер қызметкерлерін АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасы".

2. "Аудиторлық ұйымдарға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9967 тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 526 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аудиторлық ұйымдарға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1–тарау. Жалпы ережелер";

4-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ІБЕ АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес бағдарламаларды қамтиды.";

8 және 9-тармақтар алып тасталсын;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ІБЕ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше қызметінің сипаттамасын қоса алғанда ішкі бақылауды ұйымдастыру тәртібінен, сонымен қатар АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында Субъектілердің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл рәсімінен;

4) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

5) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды Субъектілердің күдікті операция ретінде тану рәсімінен;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне

сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен";

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімінен;

6) клиенттің деректемасын және онымен хат-хабар алмасуды қосқанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, сонымен қатар күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімінен.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға берілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, басшының қолы және мөрімен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында жазылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында:

ақпаратты уәкілетті органға беру нөмірі мен күні;

хаттаманы жіберу негізі;

уәкілетті органның ҚМ-1 нысанын қабылдауы/қабылдамауы туралы хабарлама нөмірі мен күні.

7) Субъектілердің қызметкерлері оларға белгілі болған АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБЕ Субъектілер қызметкерлерінің бұзу фактілері туралы басшыны ақпараттандыру рәсімінен құралады.";

мынадай мазмұндағы 11-1)-тармақпен толықтырылсын:

"11-1) ІБЕ ұйымдастыру, іске асыру және сақтау мониторингі бойынша ІБЕ жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласында ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған және жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

12-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жауапты лауазымды тұлғаның не құрылымдық бөлімшенің ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес мынадай:";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3- тарау. АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасы";

14-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

15-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4- тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Егер Субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды Субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, Субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды Субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы Субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына Субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы";

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты Субъект қазақ немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Субъектілер қызметкерлерін АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасы".

3. "Кредиттік серіктестіктерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізілімінде № 13688 тіркелген, 2016 жылғы 12 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 161 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Адвокаттарға және заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандарға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1–тарау. Жалпы ережелер";

4-тармақтың 1) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

6 мен 7-тармақтары алып тасталсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. ІБҚ Заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес бағдарламаларды қамтиды.";

10-тармақ алып тасталсын;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ІБҚ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше қызметінің сипаттамасын қоса алғанда ішкі бақылауды ұйымдастыру тәртібінен, сонымен қатар АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында Субъектілердің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл рәсімінен;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды Субъектілердің күдікті операция ретінде тану рәсімінен;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен"
;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды

тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімінен;

6) клиенттің дереккнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қосқанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, сонымен қатар күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімінен.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға берілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, басшының қолы және мөрімен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында жазылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында:

ақпаратты уәкілетті органға беру нөмірі мен күні;

хаттаманы жіберу негізі;

уәкілетті органның ҚМ-1 нысанын қабылдауы/қабылдамауы туралы хабарлама нөмірі мен күні.

7) Субъектілердің қызметкерлері оларға белгілі болған АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБЕ Субъектілер қызметкерлерінің бұзу фактілері туралы басшыны ақпараттандыру рәсімінен құралады.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. ІБЕ ұйымдастыру, іске асыру және сақтау мониторингі бойынша ІБЕ жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласында ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған және жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

13-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасы";

16-тармақтың төртінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

17-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы";

мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Егер Субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды Субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, Субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы Субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына Субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы";

20-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты Субъект қазақ немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Субъектілер қызметкерлерін АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасы".

4. "Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 205 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13763 тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 20 маусымда жарияланды):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарында:

3-тармақтың 1) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

5 мен 6-тармақтары алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. ІБҚ Заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес бағдарламаларды қамтиды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ІБҚ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

10-тармақ мынадай редакцияда жазалсын:

"10. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше қызметінің сипаттамасын қоса алғанда ішкі бақылауды ұйымдастыру тәртібінен, сонымен қатар АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында Субъектілердің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл рәсімінен;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды Субъектілердің күдікті операция ретінде тану рәсімінен;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімінен;

6) клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қосқанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, сонымен қатар күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімінен.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға берілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, басшының қолы және

мөрімен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында жазылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында:

ақпаратты уәкілетті органға беру нөмірі мен күні;

хаттаманы жіберу негізі;

уәкілетті органның ҚМ-1 нысанын қабылдауы/қабылдамауы туралы хабарлама нөмірі мен күні.

7) Субъектілердің қызметкерлері оларға белгілі болған АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБЕ Субъектілер қызметкерлерінің бұзу фактілері туралы басшыны ақпараттандыру рәсімінен құралады.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. ІБҚ іске асыру және сақтау бойынша ІБҚ жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары не ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

11-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

14-тармақтың төртінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

15-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Егер Субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды Субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, Субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды Субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы Субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына Субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты Субъект қазақ немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.".

5. "Лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғалар үшін қылмыстық жолмен алынған

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 704 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14708 тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 3 ақпанда жарияланды):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғалар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарда:

2-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ІБҚ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде субъект функцияларын сипаттауды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру рәсімін;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды күдікті ретінде тану рәсімін;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімін
;

6) клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімін қамтиды.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға жіберілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, субъектінің қолымен және мөрмен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер есебінің журналында жүзеге асырылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер есебінің журналында:

уәкілетті органға ақпаратты беру нөмірі мен күні;

хабарлама беру негіздемесі;

уәкілетті органның ФМ-1 нысанын қабылдағаны/қабылдамағаны туралы хабарламаның нөмірі мен күні тіркеледі;

7) субъект қызметкерлері жол берген КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБҚ-ны бұзу фактілері өздеріне белгілі болғандығы туралы қызметкерлердің бірінші басшысын хабардар ету рәсімі;

6. ІБҚ іске асыру және сақтау бойынша ІБҚ жауапты лауазымды тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары не ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

8-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

9-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Егер субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты субъект қазақ немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.".

6. "Ломбардтар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушысының 2017 жылғы 5 қаңтардағы № 5 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін ( Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14706 тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 3 ақпанда жарияланды):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ломбардтар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарында:

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ІБҚ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде субъект функцияларын сипаттауды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру рәсімін;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды күдікті ретінде тану рәсімін;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда,

уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімін ;

6) клиенттің дереккнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімін қамтиды.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға жіберілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, субъектінің қолымен және мөрмен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер есебінің журналында жүзеге асырылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер есебінің журналында:

уәкілетті органға ақпаратты беру нөмірі мен күні;

хабарлама беру негіздемесі;

уәкілетті органның ФМ-1 нысанын қабылдағаны/қабылдамағаны туралы хабарламаның нөмірі мен күні тіркеледі;

7) субъект қызметкерлері жол берген КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБҚ-ны бұзу фактілері өздеріне белгілі болғандығы туралы қызметкерлердің бірінші басшысын хабардар ету рәсімі;

6. ІБҚ іске асыру және сақтау бойынша ІБҚ жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары не ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

9-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

10-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Егер субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға, КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты субъект қазақ немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.".

7. "Бағалы металдармен, асыл тастармен және олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушысының 2017 жылғы 5 қаңтардағы № 6 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін ( Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14705 тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 ақпанда жарияланды):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бағалы металдармен, асыл тастармен және олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарда:

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Ішкі бақылау қағидаларын іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы";

5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде субъект функцияларын сипаттауды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру рәсімін;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды күдікті ретінде тану рәсімін;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімін ;

6) клиенттің дереknамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімін қамтиды.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға жіберілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, субъектінің қолымен және мөрмен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер есебінің журналында жүзеге асырылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер есебінің журналында:

уәкілетті органға ақпаратты беру нөмірі мен күні;

хабарлама беру негіздемесі;

уәкілетті органның ФМ-1 нысанын қабылдағаны/қабылдамағаны туралы хабарламаның нөмірі мен күні тіркеледі;

7) субъект қызметкерлері жол берген КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБҚ-ны бұзу фактілері өздеріне белгілі болғандығы туралы қызметкерлердің бірінші басшысын хабардар ету рәсімі;

6. ІБҚ іске асыру және сақтау бойынша ІБҚ жауапты лауазымды тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары не ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.";

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды";

9-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.";

10-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абазцы мынадай редакцияда жазылсын:

"клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Егер субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың

сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты субъект қазақ немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК